

Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары тобының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылы 30 мамырдағы № 247 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерінің [16-тармағына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары тобының [тізбесі](#) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#);

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

К. Шәмшидинова

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылы 30 мамырдағы
№ 247 [бұйрығына](#)
қосымша

Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары тобының тізбесі

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламалары тобы
V001	Педагогика және психология
V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
V003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
V006	Музыка мұғалімдерін даярлау
V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
V008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
V009	Математика мұғалімдерін даярлау
V010	Физика мұғалімдерін даярлау
V011	Информатика мұғалімдерін даярлау
V012	Химия мұғалімдерін даярлау
V013	Биология мұғалімдерін даярлау
V014	География мұғалімдерін даярлау
V015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
V016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
V017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
V019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
V020	Арнайы педагогика мамандарын даярлау
V025	Дәстүрлі музыка өнері
V033	Дінтану және теология
V042	Журналистика және репортер ісі
V043	Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі
V044	Менеджмент және басқару
V045	Аудит және салық салу
V057	Ақпараттық технологиялар
V059	Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар
V062	Электр техникасы және энергетика
V065	Автокөлік құралдары
V068	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі
V069	Материалдар өндірісі (шыны, қағаз, пластик, ағаш)
V070	Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдары
V075	Кадастр және жерге орналастыру
V077	Өсімдік шаруашылығы
V078	Мал шаруашылығы
V079	Орман шаруашылығы
V080	Балық шаруашылығы
V081	Жерге орналастыру
V082	Су ресурстары және суды пайдалану
V083	Ветеринария
V084	Мейірбике ісі
V085	Фармация
V086	Жалпы медицина
V087	Стоматология

B089	Медициналық диагностика және емдеу технологиялары
B090	Әлеуметтік жұмыс
B092	Тынығу
B093	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі
B094	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар
B095	Көлік қызметтері
B097	Өрт қауіпсіздігі